

9 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы ұйымдастырған «JuniorSkills Jambul-2023» облыстық чемпионатын өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына үлес қосқаны үшін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Ж.Н.Сарыбекова, оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Л.К.Мейрманова, офис-регистратор басшысы С.Г.Бибосынова, әдіскер А.Қ.Коконбаева, тәрбие ісі-жөніндегі меңгерушісі Ж.Н.Айдабосынова, ақпаратпен қамтамасыздардыру бөлімінің меңгерушісі А.Е.Исмаилова, педагог-психолог Н.Е.Мухамодиева, №2 жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері циклдық әдістемелік комиссиясының төрайымы Б.А.Сагиндыкова және оқытушылар А.Т.Кобегенова, А.Б.Султанаева, Д.Т.Бекмурзаева, А.С.Ташмағанбетова, Қ.Қ.Жунисова, С.М.Реймбаева Алғыс хаттармен марапатталды.



Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай, халыққа аянбай қызмет ету жолында күш жігері, барша ықылас пен ынтық жұмыс келе жатқан өлшеусіз еңбегі үшін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің тәжірибе бөлімінің әдіскері А.Д.Бахаева, әлеуметтік педагог А.А.Буксукбаева, педагог-психолог Н.Е.Мухамодиева Алғыс хатпен марапатталды.



Төле бидің туғанына 360 жыл толуына байланысты "Төле би Әлібекұлы - қазақтың данағөй абызы" атты облыстық тәжірибелік конференцияға Жамбыл жоғары медициналық колледжінің оқытушысы Г.Н.Жантохова қатысып, Сертификатқа ие болды.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы. Ұлы ағартушы, ақын, жазушы Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына - 165 жыл толуына орай, ұйымдастырылған "Шәкәрім жүрген ізбен" атты облыстық байқауға Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 104 - ші топ студенті Ақбота Алтынбек қатысып, жүлделі II орын

Дипломымен, жетекшісі Зура Искаковна Абдалимова байқауға шәкірт дайындағаны үшін Алғыс хатпен марапатталынды.

«Колледж: кәсіби білім беру Профессиональное обучение» республикалық педагогикалық журналына Жамбыл жоғары медициналық колледжінің фармацевтикалық пәндерінің оқытушылары Зәкірова Меруерт Болатқызы мен Сыдыман Әсел Оразбекқызының «Тыныс алу мүшелері қызметіне әсер ететін дәрілер» тақырыбындағы материалы журналдың 2023 жылғы қазан айындағы №10 санына жарияланғаны үшін Сертификатпен, сондай-ақ журналға жарияланған материалдары арқылы қазақстандық педагогикалық ақыл-ойды дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен марапатталды.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі ұйымдастырған Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Мағжан педагогика және ұлт тәрбиесі» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференциясында өз тәжірибесімен бөліскені үшін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің қазақ тілі, әдебиетінің оқытушысы Абдалимова Зура Искаковна Сертификатпен марапатталынды.

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

- 1 | "JUNIORSKILLSJAMBUL-2023" ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТЫ**
 Колледж базасында алғаш рет «Химия және биология» құзыреттілігі бойынша «JuniorSkillsJambul - 2023» облыстық чемпионаты өткізілді.
- 2 | АШЫҚ САБАҚ**
 Химия пәнінің оқытушысы А.С.Ташмаханбетова 104 топ студенттерімен «Карбон қышқылдары» тақырыбында, «Дене шынықтыру» пәнінің оқытушы С.А.Ахметов 202 топ студенттерімен, «Жеңіл атлетика. Эстафеталық таяқшаларды беру және жүгіру әдісін үйретіп дамыту(4*100м).» тақырыбында ашық сабақ.
- 3 | АШЫҚ САБАҚ**
 Оқу-әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен жас мамандарға арналған "Үйренейік, ізденейік, Жас маман!" тақырыбында жас мамандар отырысы.
- 4 | ЖАТАХАНАНЫҢ АШЫЛУЫ**
 «17 қараша-Халықаралық студенттер күні» қарсаңында жаңа жатақхананың салтанатты ашылу рәсімі өтті.
- 5 | АПТАЛЫҚ**
 №2 жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері циклдық әдістемелік комиссиясының ұйымдастыруымен «Қазақстан болашағы: Сапалы білім, адал ұрпақ» тақырыбындағы апталықтың ашылуы.
- 6 | АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ**
 «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен ата-аналар және қамқоршы-қорғаншылармен жиналыс өтті.
- 7 | "ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ОҚЫРМАНЫ-2023" БАЙҚАУ**
 Оқуға құштар колледж жобасы аясында I курс студенттерімен "Жылдың үздік оқырманы-2023" колледжішілік байқауы.
- 8 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ**
 Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы А.О. Бейсенбаева «Қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа жол жоқ!», оқытушы А.Қ.Кулмаханбетова 138ҚБ-11/23 топ студенттерімен «Білім беру ұйымдарында балалардың зорлық-зомбылық құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын-алу мәселелері» бойынша тәрбие сағаты.
- 9 | ҚҰТТЫҚТАУ!**
 Колледж оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС



«Жылдың үздік ұстазы» атты Республикалық байқауына колледж оқытушысы З.С. Ескебекова қатысып, жеңімпаз атанып, «Жылдың үздік ұстазы» төсбелгісімен марапатталды.

Болашақ мамандарға білім мен тәрбие берудегі жетістіктері мен колледждегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны, Әдістемелік мектептің ұйымдастырумен өткізілген «Ұлағатты ұстаздардан үлгі аламыз» атты қорытынды есеп беру кешінде мәнді шығармашылық жұмыс көрсеткені үшін колледж оқытушылары А.Р.Байбулекова; Н.Б. Бердіш, А.К. Коконбаева, Г.С. Токкулиева, А.Б. Амангелдиева, Н.А. Касымов Мақтау қағазымен марапатталды.



Болашақ мамандарға білім мен тәрбие берудегі жетістіктері және жас маманға үздік әдістемелік көмек көрсетудегі еңбегі үшін Әдістемелік мектептің ұйымдастыруымен өткізілген «Ұлағатты ұстаздардан үлгі аламыз!» атты қорытынды есеп беру кешінде Б.С. Мадимарова, Н.Ж. Абдраимова, Э.Ж. Кудебаева, Ж.Р. Алтынбекова, Н.Е. Джемпеисова, А.А. Бөпеева, Ұ.Е. Дүйсембаева, А.Т. Кобегенова, О.А. Махамбетова, Р.Д. Мухажанова, А.Н. Өскенбаева, А.Т. Парманова, Л.Б. Саурбаева, А.С. Ташмағанбетова, Ж.А. Тоқташова Алғыс хатпен марапатталды



Кудебаева, Р.Т. Нурбаева, С.Г.Бибосынова, А.К.Баєтова, Б.Б.Блейменова, Ж.С.Жарасова Ф.Д.Тұрмысова, А.Д. Бахаева, М.Т.Досжанова, Ш.М. Нурпейсова марапатталды.



«Ұлттық денсаулық сақтау палатасы» жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің Жамбыл облысы бойынша филиалы Құрмет грамотасымен колледж оқытушылары Тұрмысова Ф.Д. Серкебаева А.К., Даулетов А.М., Джантасова Р.О., Ералиев М.Л. марапатталды.



2019-2020 оқу жылының қорытындысы бойынша орта буын медициналық және фармацевтикалық мамандарды даярлауда және тәрбие беруде елеулі үлес қосқаны үшін, кәсіби шеберлігі, еңбекқорлығы, өз ісіне деген адалдығы үшін «Үздік ашық сабақ» номинациясымен Ж.А.Токташева, Л.Б. Саурбаева, Ұ.Е.Дүйсембаева; «Үздік үйірме – 2020» номинациясымен А.Р.Байбулекова; «Үздік облыстық іс-шара – 2020» номинациясымен Ж.Б.Бегалиев, Б.А.Сагиндыкова; «Үздік жас маман -2020» номинациясымен Н.Б. Бердіш, А.К. Коконбаева; «Үздік тәрбие жұмысы - 2020» номинациясымен А.Т. Кобегенова Дипломдармен, «Ақпараттық технологияны пайдалану шебері» номинациясымен А.К. Кудайбергенова Мақтау қағазымен марапатталды.

Болашақ мамандарға білім мен тәрбие берудегі жетістіктері және жас маманға үздік әдістемелік көмек көрсетудегі еңбегі үшін Әдістемелік мектептің ұйымдастыруымен өткізілген «Ұлағатты ұстаздардан үлгі аламыз!» атты қорытынды есеп беру кешінде Б.С. Мадимарова, Н.Ж. Абдраимова, Э.Ж. Кудебаева, Ж.Р. Алтынбекова, Н.Е. Джемпеисова, А.А. Бөпеева, Ұ.Е. Дүйсембаева, А.Т. Кобегенова, О.А. Махамбетова, Р.Д. Мухажанова, А.Н. Өскенбаева, А.Т. Парманова, Л.Б. Саурбаева, А.С. Ташмағанбетова, Ж.А. Тоқташова Алғыс хатпен марапатталды

2 | ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖАС МАМАН!

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

4 | БЕЛСЕНДІ ӨМІР - ҰЗАҚ ҒҰМЫР

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

6 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

8 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

3 | ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗ БАҒАЛАУ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

5 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения

7 | МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСПТІК МЕРЕКЕСІ

Задача организации, в особенности же консультация с широким активом требуют определения



1 | "JUNIORSKILLSJAMBUL-2023" ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТЫ

10.11.2023ж. «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы» КММ бірлесе «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК базасында алғаш рет «Химия және биология» құзыреттілігі бойынша «JuniorSkillsJambyl - 2023» облыстық чемпионаты өткізілді. Чемпионатқа Тараз қаласы және Жамбыл облысының орта білім беру мекемелерінен 14-15 жастағы 8-9 сынып оқушылары арасынан 10 қатысушы бақ сынады. Облыстық чемпионаттың бас сарапшылары: Сарыбекова Ж.Н. - «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК директоры; Рапилбекова Г.С. - «№9 қалалық емхана» ШЖҚ КМК бас дәрігері; Султанаев Е.Б. - М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Биология» кафедрасының оқытушысы, магистр; Жусипназарова Г.М. - Н. Ә. Назарбаев атындағы Зияткерлік мектебінің «Химия» пәні мұғалімі, магистр. Облыстық чемпионатының жеңімпаздары: I Орын Д.Б.Ниязбек II орын З.Е.Аманжол, М.Е.Балтабаев, III орын С.Х.Амантай, Н.Қ.Әбзелбек. Чемпионаттың жеңімпаздары «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Техникалық және кәсіптік беруді дамыту орталығы» КММ басшысы Д.К.Есжановтың атынан грамоталармен, қатысушылары мен жетекшілері алғыс хаттарымен марапатталды.



2 | АШЫҚ САБАҚ

07.11.2023ж. №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері апталығында химия пәнінің оқытушысы А.С.Ташмаханбетова «Мейіргер ісі» 104М-9/23 топ студенттерімен «Химия» пәнінен, «Карбон қышқылдары» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Карбон қышқылдарының номенклатурасы мен изомериясы, алынуы мен қолданылуы, физикалық және химиялық қасиеттерін түсіндіру арқылы студенттерге толық ақпарат берді.



07.11.2023ж. №3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндерінің оқытушысы С.А.Ахметов «Денешынықтыру» пәнінен «Мейіргер ісі» 202 М-9/22 топ студенттерімен, «Жеңіл атлетика. Эстафеталық таяқшаларды беру және жүгіру әдісін үйретіп дамыту(4*100м).» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Денені сауықтыру мақсатында, студенттердің қимыл-әрекет қасиеттерінің үйлесімділігінің толық жетілуін қамтамасыз ете отырып, эстафеталық таяқшаны беру кезінде ептілікке, жылдамдыққа үйрету. Оқу бағдарламасының талаптарына сай жаттығулардың әдіс-тәсілдерін, дене қимылдарын үйлесімді пайдалануға баулу арқылы сабақтың мақсатына жету.



3 | ЖАС МАМАНДАР ОТЫРЫСЫ

30.11.2023ж. Оқу-әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен жас мамандарға арналған "Үйренейік, ізденейік, Жас маман!" тақырыбында әдістемелік көмек көрсету, бағыт-бағдар беру мақсатында "Жас мамандар" мектебінің кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде:
1. Оқытушының іс-тәжірибесінен: «Анатомия физиология пәні» бойынша тренинг сабақ (15-20 минуттық). Жауапты: "Анатомия және физиология" пәнінің оқытушысы Д.Қ.Назар.
2. Оқу әдістемелік кешен дайындау бойынша практикум. Жауапты: "Анатомия және физиология" пәнінің оқытушысы Н.Б.Бердіш.
3. Сабақ беру барысында қолданылатын интерактивті әдіс-тәсілдермен таныстыру. Жауапты: "Анатомия және физиология" пәнінің оқытушысы Н.Б.Бердіш.
4. Электронды портфолио дайындау бойынша практикум. Жауапты: әдіскер А.Қ.Коконбаева.
5. Психологиялық тренинг. Жауапты: колледж психологі Н.Е.Мухамодиева.



4 | ЖАТАХАНАНЫҢ АШЫЛУЫ

16.11.2023 ж. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету маңызды мәселе екені айтылған. Ел Президенті тапсырмасы аясында жеке кәсіпкер Н.С.Амангелдиев пен Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Ж.Н.Сарыбекова Меморандум бойынша 300 орындық жаңа жатақхана бой көтеріп, қыркүйек айында пайдалануға берілген. «17 қараша-Халықаралық студенттер күні» қарсаңында жаңа жатақхананың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Салтанатты рәсімге арнайы шақырылған Денсаулық сақтау саласы ардагерлер кеңесінің төрайымы Т.И.Аширбаева, «Сенім» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы Жамбыл облыстық филиалының төрайымы Г.А.Момбекова, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Ж.Н.Сарыбекова және «Нұрбанк» АҚ директоры О.Л.Иловская құттықтау сөз сөйлеп, жатақхана лентасын қиды. Заманауи үлгіде жабдықталған жатақханамен танысып шыққан қонақтар Нұрғали Сәрсенбекұлына ризашылық білдіріп, арнайы әкелген сыйлықтарын тапсырды.



5 | АПТАЛЫҚ

06.11.2023ж. №2 жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері циклды әдістемелік комиссиясының ұйымдастыруымен «Қазақстан болашағы: Сапалы білім, адал ұрпақ» тақырыбындағы апталықтың ашылуы өтті. «Қазақстанның жер байлығы – ұлт табысы» Викториналық сұрақтар өткізілді. Викторинаға «Мейіргер ісі» және «Емдеу ісі» бөлімдері 101,102,103,104,107,108 топтар студенттері мен оқытушылар қатысып сыйлықтарға ие болды.
08.11.2023ж. №2 жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері циклды әдістемелік комиссиясының ұйымдастыруымен «Болашақ келбеті» тақырыбында Р.М.Кудайбергенова М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Химия және химиялық технология» кафедрасының магистрімен 104,108 топ студенттері қамтылып кездесу өткізілді. Кездесу барысында қонағымыз өз жетістіктерімен және еңбектерімен таныстырды.



09.11.2023ж. №2 жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері циклды әдістемелік комиссиясының оқытушысы Қ.Қ.Жунисованың ұйымдастыруымен «Болашақ Қазақстан - қалдықсыз мемлекет» атты көрме өткізілді. Көрмеге «Жас химик» және «Ізденуші биолог» үйірме мүшелері белсенді қатысып алғыс хаттармен марапатталды.



6 | АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

13.11.2023 ж. Колледжде «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» айлығының аясында «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен ата-аналар және қамқоршы-қорғаншылармен жиналыс өтті. Жиналыс қонағы Тараз қаласы Полиция басқармасы әйелдерді зорлық-зомбылыққа қорғау тобының аға инспекторы, полиция майоры А.Б.Мұсаева қазіргі таңда жиі кеткен отбасындағы жайсыздық, әйелдерге және балаларға қатысты зорлық-зомбылық туралы айтып, оның жасөспірім тәрбиесіне қаншалықты кері әсері барын түсіндірді. Жамбыл облысы бойынша зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығының психологі Г.М.Омарова тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбір көріп, әлеуметтік көмек пен қолдауды қажет етіп келген әрбір әйелге дағдарыс орталығының қандай көмек көрсететіні, мамандардың ана мен балаға беретін кеңестері мен қолдаулары туралы айтып, орталықтың байланыс телефонның таратты. Кездесуде колледж психологі К.Сүйінбекұлы тренинг жүргізді және ата-аналарға презентация, бейнефильмдер көрсетіп, кеңес берілді. Жауапты: әлеуметтік педагог А.А.Буксукбаева.



7 | "ОҚУҒА ҚҰШТАР КОЛЛЕДЖ" ЖОБАСЫ

07.11.2023 ж. Колледжде «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында I курс студенттерімен «Жылдың үздік оқырманы - 2023» колледжішілік байқауын өткізді. Байқауға қатысқан 9 студент 3 кезеңде берілген тапсырмаларды орындап, жарысқа түсті. I кезең: «Менің сүйікті жазушым» - (қазақ әдебиетінің классик жазушыларының шығармаларынан монолог оқу); II кезең: «Поэзия – жанның сазы» (туған өлке ақындарының өлеңдерінің бірін мәнерлеп оқу); III кезең: Бук слэм – (Book slam) – кітап жарнамасы (үйге берілген тапсырма бойынша өзінің оқыған сүйікті кітаптарының жарнамасын видеоролик түрінде жарнамалайды) 3 кезең бойынша сөйлеу мәдениеттілігі, тақырыпты ашу шеберлігі және жарнамалық идеяның айқындылығына баса назар аударылып, баға берілді. Байқаудың қортындысы бойынша: I орын: Есенмұрат Бақдаулет 108 топ; II орын: Алтынбек Ақбота 104 топ; III орын: Өмірзакова Сабина 119 топ, Чимболатова Дариға 107 топ. Байқау жеңімпаздарына Диплом, Алғыс хаттар және студенттік кәсіподақ ұйымының атынан бағалы сыйлықтар берілді. Ұйымдастырушылар: «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні оқытушысы Ж.М.Абитаева, кітапханашылар А.Т.Байкенов, Н.Т.Сейдалиева. Демеуші: Студенттік кәсіподақ ұйымының төрайымы: Н.М.Мұраталиева.



8 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ

15.11.2023 ж. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы А.О.Бейсенбаева «Қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» атты тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: қоғамдағы, отбасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу; жасөспірімдерге зорлық-зомбылық туралы, оның алдын алу мүмкіндіктері туралы түсінік беру; қылмыстар үшін ҚР ҚК заңдарымен және зорлық-зомбылық құрбандарын қорғайтын ұйымдармен таныстыру; студенттерге стереотиптер мен алалаушылықтардың зорлық-зомбылыққа қалай әкелетінін көрсету; зорлық-зомбылыққа қатысты теріс көзқарасты қалыптастыру.
15.11.23 ж. Колледжде «Медициналық биология және генетика» пәнінің оқытушысы А.Қ.Құлмаханбетова 138ҚБ-11/23 топ студенттерімен «Білім беру ұйымдарында балалардың зорлық-зомбылық құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын-алу мәселелері» бойынша тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының өткізу мақсаты: студенттерге зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру, буллинг ұғымына түсінік беру және ҚР-ның зорлық-зомбылыққа қарсы қолданыстағы заңдарын барын түсіндіру.

